БЕКІТЕМІН
Шымкент университетінің
ректоры, п.ғ.д., профессор
_____Н.А.Сейткулов
«27» 02 2020ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

УЕ-ШУ-10- 4- 2020

АЛҒЫ СӨЗ

1. Университеттің тәрбие және рухани жаңғыру департаменті және жастар ұйымымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫЛЫП ЕНГІЗІЛДІ
2 Әзірлегендер: Тәрбие және рухани жаңғыру департаментінің директоры Култаев Б.Б.
Жастар ұйымының төрағасы Жолдас Ж.
3 Келісілді: Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректоры Джанабаев Д.Ж.
Аккредиттеу және сапаны ішкі қамсыздандыру бөлімінің бастығы Шахабаев Е.
4 Шымкент университетінің Ғылыми Кеңесінің «27» 02 2020ж № 8 мәжілісінде талқыланып мақұлданды.
5 Толықтырылып енгізілді 2020 ж
6 Тексерілу мерзімі: 2023 ж

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2020 ж.

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Шымкент университеті «Білім алушылардың ар-намыс кодексі» (бұдан әрі қарай – Кодекс) Университет білім алушыларының ар-намысы қағидаттарын белгілейді.

1.2 Ереже - Шымкент университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы»ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары»;

2.3 Университет Жарғысы;

2.4 Университеттің Академиялық Саясаты.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ШУ- Шымкент университеті

Білім алушы – Университеттің студенті, магистранты және докторанты

Ар-намыс (ождан)- жеке адамның абыройы, ізгілік, шыншылдық, әділдік, адалдық сияқты қасиеттерімен байланысты моральдық-этикалық жиынтық және әлеуметтік ұғым.

Интеллектуал- ой өрісі жоғары дамыған адам

4.ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Негізгі ережелер

4.1.1 Білім алушы жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім алатын Университетіне құрмет көрсете отырып, оның ережесін қатаң сақтайды.

4.1.2 Университет білім алушысы ҚР болашақ зиялылар өкілі екенін мақтаныш тұтып, ҚР Үкіметі бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуы, кәсіпқой, жалпы білімді, мәдениетті, парасатты жастарға арналған миссияны орындауды өздеріне міндеттеуі тиіс.

4.2 Білім алушылардың негізгі міндеттері:

- білім алуға, оқуға жауапкершілікпен қарау;
- сапалы білім алуға талпыну, кәсіби қызметке бейімделу, дағдылану сапаларын меңгеру;
- -ата-бабалардың рухани, мәдени мұраларымен танысу;
- өз Отанын сүю;
- сенімді және шынайы патриоттық сезімге толы, адал азамат болуға тырысу;
- денсаулықтарын сақтау және күту.

4.3 Білім алушылардың құқықтары:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талабына сай білім алу;
- келісім бойынша қосымша ақылы қызметтерді алу;
- өзінің адами құқықтарын сыйлау, өз ойы мен пікірін еркін жеткізу;
- Университет қызметінің маңызды сұрақтарын шешуге және талқылауға қатысу (соның ішінде білім алушылардың қоғамдық ұйымдары мен Университетті басқару органдары арқылы);

- Университет кітапханаларының акпараттық қорларын, оқулық, ғылыми, медициналық және т.б. бөлімдердің қызметін тегін пайдалану;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты конференцияларға, симпозиумдарға, жиналыстарға, байқауларға қатысу;
- проессор-оқытушылардың оқыту әдістері мен дәріс беру сапасына өз ойын айту;
- білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын құруға;
- факультативті және элективті (міндетті түрде тандалатын) курстарды таңдау;
- Университеттің, факультеттің және басқа құрылымдық бөлімдердің басқару ұйымдарында білім алушылар тарапынан сайлану және сайлау;
- тәрбие жұмыстары бойынша білім алушылардың демалуы үшін Университет тарапынан ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу;
- оқу процесі кестесінде, жеке оқу жоспарларында қарастырылған барлық міндетті тапсырмаларды дер кезінде орындау;
- Университет беделін ойлау, мәдени және кәсіби деңгейін өсіру;
- профессор-оқытушылардың, білім алушылардың және Университет қызметкерлерінің адами құндылықтарын, пікірін сыйлау және басқалардың пікірін сабырлықпен тындау;
- оқу орны мүліктерін сақтау, ішкі тәртіп ережелерін және жатақхана ережелерін сақтау;
- өзімен бірге оқитын білім алушылардың ар-ожданына, намысына тимеу немесе басқаға күш көрсету, бір-бірін даттау және дөрекі сөйлеу, біреудің затын ұрлау, біреудің немесе Университет мүлкін әдейілеп бұзу, жарамсыз ету сияқты тәртіпсіздіктерден аулақ болу.

4.4 Білім алушының ар-намысына қаяу салмай, төменгеілерге жол бермеуі тиіс:

– ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, академиялық жұмыстарды орындау кезінде өзіне немесе басқа біреуге көмек көрсету мақсатында даяр материалдарды көшіру және т.б. заңсыз әдістерді қолдануға;

– плагиат, яғни біреудің пікірін немесе тұжырымдамасын ұрлауға, еңбектерін өзінің ойы мен идеясының нәтижесі ретінде көрсетуге;

– құжаттарды немесе басқа белгілерді қолдан жасауға, өтірік айтуға, сақталған мәліметті рұқсатсыз көшіруге, өзгерту сияқты бұрыс қылық жасауға.

4.5 Өз міндеттерін талапқа сай толық орындаған білім алушылар Университет тарапынан бекітілген түрлі моральдық және материалдық марапаттауларға ие болу мүмкін.

4.6 Университет жарғысын және т.б. ережелерін бұзғаны үшін білім алушыға түрлі тәртіптік шаралар қолданылады, шектен шыққан жағдайда білім алушылар қатарынан шығарылуы мүмкін.

КЕЛІСІЛДІ

Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі жөніндегі проректоры — Джанабаев Д.Ж.

Аккредиттеу және сапаны ішкі қамсыздандыру бөлімінің бастығы — Шахабаев Е.

Танысу парағы

р/с	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы

Өзгерістерді тіркеу парағы

№ к/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдау		Параќ нөмірлері				Барлық бет саны	Өзгерістерді енгізген күн	Өзгерісті жүзеге асыратын тұлға	
	Құжат	Тіркеу №	Өзгертілген	Ауыстырылмаған	Жаңа	Жойылған			Аты-жөні:	Қолы